

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ИГІЛІКТІ ІС

Нұрмұхаметова Қ.Т.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүние танымы жоғары, бәсекеге қабілетті, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетудің жолдарын шешуде білім беру ісімен бірге ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып, кәсіптік еңбек тәрбиесі; азаматтық – патриоттық тәрбие; рухани – адамгершілік тәрбиесі, салауатты өмір салты бойынша жүргізіледі. Қазіргі таңда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгін де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар абат болады» дейді екен көне шығыстың даналығы. Осы салыстырудың өзі – ақ баланың шын мәніндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс екенін ұқтырса керек.

Ұлы Абай «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» десе, француз педагогы Жан Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады, оның үстіне шимайды қалай салса, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзін қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді», деген екен. Ал Ы. Алтынсарин «Бала жас шыбық тәрізді, қалай исең солай қалыптасады», – деген. Тәрбиелеудің басты мақсаты – баланы оқыта отырып, жалпы дамыту. Бала бойына еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік тағы басқа қасиеттерді дамыту. Болашақ қоғам мүддесі үшін еңбектене білетін рухани ойлау дәрежесі биік, отансүйгіш, еңбекқор, ізденімпаз, қабілетті адамды тәрбиелеуде, оқу ошақтары, ата – ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеуі тиіс, сонда ғана мақсатқа бағытталған нәтиже үйлесім табады.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», – деп Елбасымыз айтқандай ұстаз қолында адам тағдыры тұрады, тәлімгер өсіп, дамып келе жатқан ұрпақпен жұмыс істейді. Сол жас бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай ізденісте болуы үшін заман талабына лайық жаңа білім, жаңа тәрбие керек. Оқытушы сөзімен, ісімен, мәдениетімен, білікті білімімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тіл табысудағы қасиетімен ерекшеленіп, өз кәсібін қадірлеген ұстаз ғана педагогтік мәртебесін биік ұстай алады. Қазіргі қоғамда да қажеттісі осындай ұстаздар.

Қазақ әдебиетінің ірі өкілі Жүсіпбек Аймауытов ұстаз қызметін «Ұстаз – шәкірттерге сабақ берумен, білім үйретумен шектелген маман иесі емес, ол шәкірттерінің алдағы өмірін көз алдына келтіріп, өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып, келешекте жазатайым аяғын шалыс басып, өмірден соққы жеп, өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушы, қамқоршысы» деп атаған. Сондықтан да оқытушылардың жас мамандарды тәрбиелеуде, оларға дәріс беруде көп нәрсеге көңіл бөлуі аса шеберлікті қажет етеді.

Қазақ халқының да өзіне тән мінез – құлқы, әдебі, ұлттық қадір – қасиеті бар. Бұл жөнінде Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Әуезов тағы басқа зиялы қауым ұлттық тәлім – тәрбие, әдеп, педагогика, психология саласында сындарлы пікірлер айтқан. Мәселен, «...адамның өз басының көгергенімен, ұлт көгермейді.... ұлт көркейсе, ол бақыт сол ұлт ішіндегі адамдарға ортақ... ұлтын, Отанын – көркейту қандас, діндес, тілдес бауырларының қамын жеу», деп Ж. Аймауытов ой қозғаса, М. Жұмабаев «...қазақтың тағдыры да, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі.... мектебімізді таза, берік, һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізде құра

білсек, келешегіміз үшін тайынбай – ақ серттесуге болады» деген еді. Сондықтан ұрпақы тәрбиелеу – аға ұрпақтың мойнына жүктелетін тарихи парыз, игілікті тапсырма.

«Заманына қарай адамы» – деген қазір заман өзгерді, қоғам өзгерді, қоғамдық қасиеттер де өзгерді, жастар психологиясы өзгерді. Ұлттық рухта тәрбиеленіп, ізгілік жақсылықты тек өз ата-анасынан, бабасынан іздейтін бала жоқ қазір. Қазіргі балалар еш нәрседен қорқа қоймайтын, өзінің өміріне тек тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке, бейім, романтик, қиялшыл емес, жауапкершілікті жете қабылдамайтын, көп нәрсеге сене бермейтін, бауыр-малдығы аз адамдар. Өз мәдениеті мен әдебиетінен гөрі батыс мәдениетіне еліктеп соны өздеріне бір дәреже санайтын, рухани байлықтан гөрі материалдық байлықты мансұқ еткен ұрпақ өсіп келе жатыр. Тіпті кейде мынадай сұрақтар туындайды. «Техниканың осынау дамыған заманында, интернет, электрондық пошта, т.б. тұрғанда оларды немен қызықтыра аламыз, қалай еліктіру керек?». Қайткен күнде тәрбиелеуді жоғары деңгейге көтере аламыз? Әрине бұл оңай іс емес, бірақ жүзеге асуы мүмкін. Оған біліктілік, іскерлік, ізденімпаздық арқылы қол жеткізуге болады. Осыған байланысты ғаламторға ұлттық салт – сананы, дәстүрді, озық мәдениетті насихаттайтын ақпараттар көбірек жарияланса дұрыс болар еді. «Тамшы тас жарады» дейді халық даналығы, Сыналап аққан судың, бармайтын кірмейтін жері жоқ, айта берсе, айтыла берсе жастар санасына әйтеуір бір жетері анық.

Ұлтымыздың ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген. Қайсы мемлекеттің де негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де белсенді азаматтар. Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыр. Осыған орай ұстаздар қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселе енгізіліп отыр. Ұстаздар алдында тұрған міндет – бала бойындағы мүмкіндіктерін, қабілеттік деңгейін, қабілеттілікті таланттылыққа дейін дамыту. Еліміздің дербес мемлекет ретіне дамуы қоғамның болашақ ұрпақтарын ұлттық ерекшеліктерімен тәрбиелеуді қажет етеді. Ал еліміздің тәлім – тәрбие тұжырымдамасында «Тәрбие дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық дәстүрлерін жас ұрпақтың бойына сіңіру» деп көрсетуі бүгінгі әрбір баланың өзінің ана тілінде, өз діні мен діліне сай үйлесімді тәрбиелеуді көздейді.

Бүгінгі күн талабындағы жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу, адами көзқарастары мен өзара қарым – қатынастарын қалыптастыру – адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі өзегі. Өйткені ізгі қасиет адам баласы қоғамның дамуы мен жалпы адамзаттық құндылықтың ең негізгі бастауы ретінде адаммен бірге дамып келе жатқаны белгілі.

Ізгілік – адамның өзіне баға беруінен басталатындығынан жасөспірімнің өзінің өміріндегі орны мен өмір сүрудің негізгі өзегін және мәні мен маңызы түсінуін, адам сүйгіштік, адам мен адамдық міндеттерге құрметпен қарауын білдіреді.

Ұлттық рухты насихаттауда жаңаша оқыту мен халық педагогикасын мақсатты бағыттауда ескеретін ең басты мәселелердің бірі – халқымыздың даналары. Дана ғұламалардың Әл-Фарабидің, ұлы Абайдың, ағартушы Ы. Алтынсариннің, шоқтығы биік Шоқанның ой – пікірін, қанатты сөздерін, өмір деректерін орнымен пайдалану сабақтың білімділік және тәрбиелік мәнін арттыра түседі. Әрдайым есті де зерек, зейінді де сергек, талғампаз да текті, Алаш азаматтарының А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов. Ш. Құдайбердіұлы, т.б. ұлағаты, тәжірибесі үнемі үлгі – өнеге, сабақ болмақ. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауы сонын ішінде білім, жас ұрпақ тәрбиесі, салауатты өмір салты туралы айтқан салиқалы ойларын, жүйелі жоспарын жастарға жеткізіп отырса, талданып, талқыға түссе нұр үстінен нұр болар еді. Отан қадірін білу- жер, ел, ұлт тарихын жан – жақты игере білуден, тілі, діні, ділі, ата салт – асыл дәстүрін жете меңгеру, ұлық құдыретін аса айрықша қастерлеуден басталады. Халықтың терең тамырлы шежіре тарихын, шоқ-

тығы асқақ теңдесіз ұлттық құндылықтарын ата-ананы, ұстазын қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерді жастар санасы мен бойына сіңіруді мақсат еткен жөн.

Қоғам ауысқан сайын оның өзіне тән құндылықтар мен тәрбие жолдары өзгертіні белгілі. Қазақ халқы өзіне лайық ұрпақ өсіруді, оның бойына адалдық, тазалық, қоғамның болашағына еңбек етуге құштарлық сияқты мінез құлықты дарытуды, ата-ана мен дәстүрді сыйлауды әуелден – ақ өзіне мұрат тұтқан. Алайда өзгеріп жатқан заман, қоғам жаңалықтары жас ұрпаққа әр қилы ықпал ететіні, содан тәрбиенің міндеттері де күрделене түсетіні де айқын. Жас ұрпақ бойында адамдық құндылықты, Отаншылдықты, ұлтжандылықты қалыптастыру бүгінгі күннің де міндеті. Тарих еншісіне айналған ХХ ғасырдың соңында қазақ елінің аңсаған арманына қол жетіп, егемен ел болдық. Ата – бабамыз найзаның ұшы, білектің күшімен жаудан қорғап қалған қазақ жерінде егемен елдің көк байрағы желбіреді. Тәуелсіздік бүкіл әлемге жер шарында «қазақ» деген ұлттың, «Қазақстан» деген мемлекеттің бар екенін жариялауға мүмкіндік берді. Тәуелсіздік деп бір сөзбен айтқанмен, оның астарында азаттық, бостандық, еркіндікті бідіретін үлкен мағына жатыр. Тәуелсіздіктің арқасында Туымыз, Әнұранымыз, өз Елтаңбамыз бар, әлем танитын елге айналдық. Ешкімге жалтақтамай, болашақ үшін әрекет етуге мүмкіндік туды. Соған бәріміз де қуаныштымыз. Еліміздің желбіреген туын көріп, әнұранын естігенде көңіліміз толқиды. Тәуелсіздікті аңсаған бабаларымыздың жердің бүтіндігі, елдің амандығы үшін небір тар жол, тайғақ кешуден өткені белгілі. Енді Қазақстан халқы Тәуелсіздік жолында бірлік пен ынтымақтастықты сақтап, ел эканомикасын одан әрі жақсарту үшін қызмет жасауы тиіс. Егер әрбір қазақстандық «Мен болмасам, Кім?» – деп құлшыныс жасаса, осындай жігермен қызмет атқарса, алға қоятын мақсаттың орындалары сөзсіз. Тәуелсіз ел болу дегеніміз – кеуденді кере дем алып, еңсенді көтере ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан салт – дәстүрінді, әдет – ғұрпынды, айқын көрсетіп, өзіңнің өзгелермен тең екендігіңді сезіну және ана тілінде емін – еркін сөйлеуі. Тәуелсіздік мағынасы өте зор, тамыры терең ұғым. Тәуелсіздік – жер бетіндегі, әсіресе Африка, Азия т.б. мемлекеттерде, аса қастерлі ұғым, себебі ол мемлекеттер миллиондаған адамдарын құрбандыққа шала отырып қол жеткізді. Ал, Қазақстан ел тәуелсіздігіне бейбіт, даңғыл жолмен жеткен сияқты... Бір сәт ойланып көрейікші, шынымен солай ма?

Арыға бармай-ақ «Ақтабан шұбырындыға» елімізді шалдықтырған жоңғар шапқыншылығынан, Төле, Әйтеке, Қазыбек билеріміз үш жүздің басын қосып, батырларымызды орынымен топтастырып, жігер қайраттарын қайрап, рухтандырып, Абылайды хан сайлап, жоңғардан жерімізді тазартып, Тәуелсіздіктің ірге тасын қалап кетті. Қарасай мен Қабанбай сияқты батыр бабаларымыз Тәуелсіздігімізді қорғап 40–50 жылдай ат үстінде жүргенін жастарға мақтаныш сезімімен таныстыруымыз керек. Сол батырлардың арқасында тәуелсіздігімізге қолымыз жетті. Ал «Тәуелсіздік» деп аталатын қасиетті ұғым бізге не берді? Ең әуелгі бергені атамизды әлемге әйгілеп, өшіп бара жатқан жігерімізді жанып, тістеп алған тілімізді шығарды. Халық көкірегінде құпия сақталып келген аяулы арыстарымыздың асыл мұрасын қайтадан ашты. Ахмет, Міржақып, Әлихан, Шәкәрімдермен мәңгіге қайта қауыштырды.

Бүгінде қайта түлеген Қазақстанды бүкіл әлем таныды, көк байрағымыз әлемнің түкпір – түкпірінде желбіреп, Әнұранымыз шырқалады. Дамыған өркениетті алпауыт елдердің көлеңкесінде қалып қоймай қазақ елі басқа елдермен терезесі тең иық тірестіретін дәрежеге жетті. Елбасымыз алдыңғы саптағы елу елдің қатарына қосуды мақсат етіп сол игілікті іске қол жеткізуге жұмылдырып отыр.

Осындай тамаша ел – Қазақстанның болашағы уыздай ұйыған ынтымағымызға, берік бірлігімізге байланысты екенін, мемлекетіміздің кемелденуіне әр азаматтың міндетті екеніне сәт сайын көз жеткізіп отыру керек. Бүгінгі таңда отансүйгіштікке тәрбиелеуде, оны қалыптастыруда ұлтымыздың тарихын, батырлық дәстүрін насихаттай отырып дәріс беру арқылы қол жеткіземіз Тәуелсіздікке қол жеткізген тарихқа да көз жүгіртіп, оны ұрпақ санасына сіңіре отырып, өз Отанын сүйетін, елімізге ұлжанды, парасатты, саналы, сауатты, Отанын мақтан тұтатын және оның қамын жейтін, ол үшін күресе білетін мамандарды даярлай аламыз.

Қазақ халқы – қазынашыл халық. Барша елмен бауырлас, тарихы тамырлас, халқымыз кең пейілді. Бұл бізге жеткен ата - баба дәстүрі. Бейлі жақсыны қанатына алып, қуанышын бөліскен, қаймағы бұзылмаған ынтымағын дәріптеген. Халқымыздың бойында ғасырлар бойы қанына сіңген, осындай қасиетті өнегелері өріліп жатыр. Осы қасиеттерді дәріптеуіміз керек.

Қазақстанды мекендейтін жүз отызға тарта ұлт пен ұлыс қазақ жерінде татулықпен, түсіністікпен, бейбіт қатар өмір сүріп келеді. Сол ұлт өкілдеріне халқымыздың қасиеттілігін, ұлылығын ұлықтауға, салт – дәстүрін, тілін құрметтеуге, рухы күшті ұлтымыздың ерекшелігін танытуда ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық педагогиканы насхаттаса ұтарымыз көп. Ұлттық тәрбие құр уағызбен сіңбейді. Әр сабақта оқытушы ғылыми материалды халқымыздың ұлттық танымына қарай мысалдар, көрнекіліктер арқылы сіңіре отырып, сабақтың мазмұнына сай бай салт – дәстүрімізді, қазақ халқының ұлттық киімін, аспаптарын, ас мәзірін, философияға толы ою өрнектерін, ұлттық нақыштарын, сонымен қатар мақал – мәтел, жұмбақ, кара өлең үлгілерін де тиімді пайдаланса өзге ұлт өкілдері үшін қызықты да тәлімді болады.

Би, шешендердің парасаты, ақыл – өсиеттері, дауды шешулері, қай кезеңде болмасын қазақ батырларының елін қорғауға дайын болуы, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарулары «Мен де осындай ер азамат болсам ғой» деп еліктетіндей еліктіре білуіміз тиіс.

Батырларымыздың, қазақтың ер азаматына тән қасиеттері берілген өлең, мәтіндерден үзінділерді әсерлендіріп оқып, оған байланысты, яғни ерлікке, отансүйгіштікке тән мақал – мәтелдерді өздерінен сұраған жөн. Болашақта олардың шетелдік жұлдыздарға еліктемей, отандастарының, оның нағыз хас батырларының қасиеттерін бойларына дарытуға себін тигізеді.

Қазақ халқының әрбір отбасы өз ұрпағын бесікке салғаннан бас-тап ұлттық тәлім – тәрбиеге сусындатып, бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеген және сол дәстүрді мықтап ұстауын талап еткен. Мәселен, атасы немересіне алдымен елінің құтты қонысын таныстырған. Жылдың әр мезгілінде елдің қайда, қалай көшетінін, суды қайдан ішетінін, жеті атасын, олардың зираттарын, елдегі даңқты адамдардың ерлік хикаяларын, ауыл – аймақтағы жер-су атауларын ерінбей – жалықпай баласының санасына сіңіріп отырған. Жас ұрпақты адамға тән табиғи сеніммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге үйреткен. Ол үшін жанды – жансыз жаратылысты өз дәрежесінде өз орнымен бағалауға үйрету арқылы тіршілік деген тұтас әлемнің қадір – қасиетін танытқан.

Ұлттық тәлімнің тағы бірі – имандылық, Отансүйгіштік, мақсаткерлік, ақылдылық пен адалдық, борыш пен жауапкершілік, мейірімділік пен ізгілік, шыншылдық пен достық, еңбек пен қуаныш сияқты игілікті тәрбие аға ұрпақтың ең басты қағидасы болған. Бұрын қазақ халқының әрбір отбасы өзінің ұрпағын ақылды, ер жүрек етіп тәрбиелеуді жеке басының жұмысы деп қарамай, ұлтының, Отанының ертеңі, болашағы тұрғысынан өзінің қоғамдық борышы деп қараған. Сондықтан әрбір ата-ана баласын ар – намысты болуға, адамгершілікке, мейірбандыққа, тектілікке, кісілікке, атамекенін сүйуге, Отанын қорғауға дайын тұруға баулыған. Үмітті ұрпақ деп қараған баланы баулып тәрбиелеуге бір ауыл, бір рулы ел ғана емес, тіпті бір тайпалық ел ақсақалдары, атқа мінерлері, көсемдері мен шешендері тегіс көңіл бөлген.

Дәл қазір және бұдан кейінгі еліміздің болашағының көркеюі, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен өлшенеді. Өркениет біткеннің өзегі-білім, ғылым, тәрбие екендігіне көз жеткізуіміз керек. Халық үшін тәрбие – тұтас дүние. Оның мақсаты – адам тәрбиелеу. «Тәрбие дегеніміз-тәрбиеленушілерді белгілі бір адамгершілік дағдыларын меңгеруге көндіру мақсатымен бір адамның екінші адамға жасайтын ықпалы» – деген Л.Н. Толстой. Сондықтан тәрбие адамға тән асыл қасиеттер жиынтығынан бөлшектелмей, бала бойына тұтас сіңірілуі тиіс. Оның көзі, халық түсінігінше – еңбекте. Еңбек тәрбиесінің де халық тәрбиесінде оқ бойы озық тұратынына көз жеткізу керек. Сондай-ақ оқу – тәрбие негіздерінің бірі – ұлттық ойындарымыз. Ол – мыңдаған ұрпақтың керегіне жарап, оларды өмірге

әзірлеу қажетін өтеген, сыннан өткен сенімді тәрбие құралы болған. Осы жағын да насихаттауды қолға алу керек.

Болашақ мамандарды даярлауда патриоттық тәрбие беруді тек сабақ беру барысында жүзеге асырмай, тәрбиелік мәні бар іс-шараларды да көбірек өткізуде жақсы қорытындысын береді. Осыған орай кафедрамызда дәстүрлі түрде соңғы жылдары «Түрі басқа – тілегі бір, Жүзі басқа – жүрегі бір» айдарымен өзге ұлт өкілдері арасында «Қазақ тілі – өз тілім» деген танымдық тұрғыда интеллектуалды сайыс өткізіліп келеді.

Оқу мен тәрбие егіз екенін ескерсек, тәрбиенің нәтижесі ғана сапалы білімге қол жеткізуге болады. Осы жайлы ұлы ғұлама Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», – деген.

Осыған байланысты кафедрадағы оқу тәрбие жұмысы шәкірттер бойына Қазақстандық патриотизм сезімін оятып, тілге, туған жерге, еліне құрмет көрсету мақсатына бағытталған. Оқу үдірісінде Әнұранды орындау, ұлттық рәміздерді білу, сыр-сипатын ашу, ұлттық мерекелерді ұлықтау, салт-дәстүрлерді көрсету, ұлттық руханиятты уағыздау, Қостанай жерінің табиғатын, өнегелі ұлдарын дәріптеу, өлкетану мұражайларына саяхат жасау, театр және басқа да мәдениет ошақтарымен танысу үнемі байланыстырыла жүргізіледі. Сондай - ақ сайыс сабақтар, дебат, дөңгелек стол ұйымдастырылады. Тіл мерекесіне байланысты қабырға газеттерінің көрмесі ұйымдастырылады.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе», деп заңғар жазушы М. Әуезов айтқандай тал бесікті тербетуші болашақ ана ұлттың ұйытқысы болатын қыздарымыз екенін ескерсек, ұрпақ бастауы болатындай бойжеткен тәрбиелеу де кезек күттірмейтін мәселе. Осыған орай қыз балаларды парасаттылыққа, өнегелік пен әдептілікке, биязылық пен әсемдікке, ізгілік пен іскерлікке тәрбиелеуде «Қыз Жібек» отауы жұмысын жалғастырып, жандану үстінде.

Отау жұмысының негізгі бағыттары:

1. Шаңырақ тәрбиесі.
2. Қыз баланың қоғамдағы ролі.
3. Жаны саудың – тәні сау.
4. Эстетикалық тәрбие беру.

Болашақта атқарылатын ауқымды істер де, тындырмақ ойлар да жетерлік.

Мәселен: «Қыздың жолы жіңішке», жыныстық тәрбие туралы, «Еңбек ер атандырады», іскер әйелдер қауыммен жүздесу, «Рухани уыз» дөңгелек столын, «Дастарханың бапты болса, асың тәтті болады», тағамдар сайысы, «Өнерлінің қолы алтын» қолөнер сайысын т.б. ұйымдастыру қолға алынса жас қыздар үйде көрген тәрбие бастауын ары қарай дамыта алар еді. Сонымен қатар институтта екі айда бір рет, газет шығып мынадай айдарлармен толықтырылып тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

Мәселен:

- Шабыт (студенттер шығармашылығы).
- «Ақылдың көзі даналар сөзі» (ұлы адамдардың нақыл сөздері)
- «Ата салтынды құрметте»
- « Имандылық иірімдері» (дін туралы)
- «Артық болмас білгенің» осындай игі бастамалар жалғасып жатса, ұрпақ жалғастығы да жарасымын табар еді.

Бықсып жанған қоламта емес, Артымызда шоқ қалсын. Болашақтың ошағында, Біз тұтатқан от жансын., – деп ақиық ақын Мұқағали айтқандай тәуелсіз еліміз өркениетке бет бұрған жатқан шақта жалындаған жастарды шоқ боп маздауға шақыратын болашаққа сай, қай салада болмасын ел тізгінін ұстауға лайық, халық қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуге болады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Қазақтар IV том. Қазақстан даму институты. – Алматы, 1998.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995.
- 3 XXI ғасыр мектебі. 2007. – №7; 2009. – № 8.